

**"Құрылыс салудың аумақтық ережелерін әзірлеудің қағидасын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 603 бұйрығына  
өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 10 қаңтардағы № 3/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 13 ақпанда № 9145 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 238 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.03.2015 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 140-р өкіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Құрылыс салудың аумақтық ережелерін әзірлеудің қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 603 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8267 болып тіркелді, 2013 жылғы 17 қазандағы «Егемен Қазақстан» газетінде № 233 (28172) жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрылыс салудың аумақтық ережелерін әзірлеудің қағидасында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Аумақтық ережелерде оларды әзірлеген кезде елді мекендер аумағының, құрылыс салудың, оларда мәдени, тарихи сәулет-қала құрылысы мұрасын және табиғи ландшафтын сақтаудың өзіндік ерекшеліктерін ескеру туралы талаптар болуға тиіс.»

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (С.М. Дембай):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК